

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ
2017 ЖЫЛҒЫ 29 ҚАРАШАДАҒЫ
ҚАУЛЫСЫ**

1. Мансап орталығының бастығы Г.Ә.Айқымбаеваның «2016-2017 оқу жылындағы университет түлектерінің жұмысқа орналасуы» туралы ақпаратын тындап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1.	Мансап орталығының басшысы Г.А.Айқымбаеваның «2016-2017 оқу жылында университет түлектерін жұмыспен қамту» туралы ақпараты <i>назарға алынсын.</i>		
1.1	Барлық институт деңгейінде университет түлектерін жұмысқа орналастыру, тәжірибе алмасу жұмыстары бойынша жан-жақты талдау жүргізу жүктелсін.	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмұрзаев	15.12.2017
1.2	Сапалы түрде орта білім беру ұйымдарымен бірлескен тәжірибе алмасуды ұйымдастырудың Жоспарын дайындап, бекіту ұсынылсын.	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмұрзаев Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбеков Институт директорлары	20.12.2017
1.3	Қала мектептерінде дуалды білім беру бағдарын дамыту жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.		
1.4	Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жандандыру, университет кафедраларының шығармашылық, ғылыми және іскерлік байланыстарын нығайту, жалпы білім беретін мектептермен ҚазҰПУ-дың қарым-қатынас жасауы бойынша, оқу педагогикалық практиканы жетілдіру жұмысын ұйымдастыру бағытында мектептермен Кеңес орталығын құру жұмысын ұйымдастыру жүктелсін.		1.02.2018
1.5	Облыстық және аудандық әкімшіліктерімен, атап айтқанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылорда және Жамбыл облыстарымен мемлекеттік грант және ауылдық квота бойынша (осы аймақтардан) бітірген университет түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету барысында ынтымақтастық келісім шарт дайындау жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.	Институт директорлары Кафедра меңгерушілері	1.02.2018

2. Комиссия төрағасы, профессор А.Е.Жұмабаеваның «Педагогика және психология институтының «Арнайы білім беру», «Жалпы және қолданбалы психология» кафедраларының оқу-әдістемелік, ғылыми-ағартушылық жұмыс жағдайы, даму жетістіктері туралы» анықтамасын тыңдай және талқылай келе, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2	Комиссия төрағасы, профессор А.Е.Жұмабаеваның «Педагогика және психология институтының «Арнайы білім беру», «Жалпы және қолданбалы психология» кафедраларының оқу-әдістемелік, ғылыми-ағартушылық жұмыс жағдайы, даму жетістіктері туралы» есебі – негізге алынсын.		
2.1	Университеттің кафедра сағаттарын есептеу жұмыстарының сапалы жоспарлануын қатаң бақылауға алу <i>жүктелсін</i>	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмұрзаев Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбеков	30.04.2018
2.2	Университеттің кітапханалық қорын қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік әдебиеттермен және элективті пәндер бойынша электронды тасымалдауыштармен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру <i>жүктелсін</i>	Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор Ғ.К.Кенжебаев	1.02.2018
2.3	Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету мен жүзеге асырудың мақсаттары, міндеттері және жалпы ережелерінің ұстанымдары негізінде жандандыру жұмыстары <i>жүктелсін</i>	Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А.Т.Құлсариева Институт директорлары	Үнемі
2.4	Университеттің ПОҚ құрамына нөлдік емес импакт-факторлы журналдар тізімін анықтау жұмыстарын ұйымдастыру <i>жүктелсін</i>	Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А.Т.Құлсариева	15.01.2018
2.5	Ғылыми-оқу-өндірістік білім беру кешендерін, ғылыми-зерттеу зертханаларын құруға және психологиялық-педагогикалық басымдықтар бойынша инновациялық зерттеулерді дамытуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру <i>жүктелсін</i>	Ғылым департаментінің директоры С.Қ. Сахиев	Үнемі

3. Бірінші проректор М.А. Бектемесовтың «Абай атындағы ҚазҰПУ білім алушыларының оқу ақысына жеңілдіктер беру тәртібі туралы Ережені» және 2017/2018 оқу жылына жеңілдіктер алған студенттер құрамын бекіту туралы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3	Бірінші проректор М.А. Бектемесовтың «Абай атындағы ҚазҰПУ білім алушыларының оқу ақысына жеңілдіктер беру тәртібі туралы Ережені» бекіту туралы ақпараты – негізге алынсын.		
3.1	Абай атындағы ҚазҰПУ білім алушыларының оқу ақысына жеңілдіктер беру тәртібі туралы Ереже <i>бекітілсін</i>	Бірінші проректор М.А. Бектемесов Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е. Ішпекбаев	10.12.2017
3.2	2017/2018 оқу жылына жеңілдіктер алған студенттер құрамы <i>бекітілсін</i>		10.12.2017

4. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры **Х.Н. Жанбековтың** 2017/2018 оқу жылына бакалавриат мамандықтарына «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша МЕК төрағасы мен құрамын және бітіруші бакалавриат, магистратура, докторантура мамандықтары бойынша МАК төрағасы мен құрамын бекіту туралы ақпаратын тындап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «2017/2018 оқу жылына бакалавриат мамандықтарына «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша МЕК төрағасы мен құрамын және бітіруші бакалавриат, магистратура, докторантура мамандықтары бойынша МАК төрағасы мен құрамын бекіту» туралы ақпараты – негізге алынсын.		
4.1	2017/2018 оқу жылына бакалавриат мамандықтарына "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша МЕК төрағасы және құрамы бекітілсін.	Оқу ісі жөніндегі проректор А.А. Сатмырзаев Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жанбеков	1.12.2017
4.2	2017/2018 оқу жылына бітіруші бакалавриат, магистратура, докторантура мамандықтарының МАК төрағасы мен құрамы бекітілсін.		

5. Ғылым департаментінің директоры **С.Қ.Сахиевтің** Диссертациялық кеңестердің құрамын қайта бекіту туралы ақпаратын тындап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5	Ғылым департаментінің директоры С.Қ.Сахиевтің Диссертациялық кеңестердің құрамын қайта бекіту туралы ақпараты – негізге алынсын.		
5.1	Жаңа Диссертациялық кеңестердің төрағалары мен құрамы төмендегі тізіммен бекітілсін: 1 Диссертациялық кеңес 6D010000 - Білім беру (педагогикалық ғылымдар), төрайымы - Тұрғынбаева Б.А.; 2 Диссертациялық кеңес 6D010000 - Білім беру (психология - педагогикалық ғылымдар), төрағасы - Әлмұхамбетов Б.А.; 3 Диссертациялық кеңес 6D010000 - Білім беру (психологиялық ғылымдар), төрайымы - Мовкебаева З.А.; 4 Диссертациялық кеңес 6D010000 - Білім беру (Жаратылыстану және география), төрайымы - Каймулдинова К.Д. 5 Диссертациялық кеңес 6D010000 - Білім беру (Информатика), төрағасы – Бидайбеков Е.Ы.	Ғылым және халықаралық ынтымақтастық істері жөніндегі проректор А.Т Құлсариева	30.12.2017

9. Берілген шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор М.Ә. Бектемесовке жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғылым қатны

Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева